

## Халықаралық қарттар күні

«КЖжәнеКББ» факультетінде, «Есептеу техника және ақпараттық жүйелер» кафедрасының кураторлары Халықаралық қарттар күніне арналған салтанатты жиын өткізді.

2014 жылы 1 қазан күні «КЖжәнеКББ» факультетінің студенттері, біздің университетіміздің еңбек ардагерлеріне, сыйлы зейнеткерлерімізге салтанатты шара өткізді.

Салтанатты жиынға еңбек ардагерлері және «Есептеу техника және ақпараттық жүйелер» кафедрасының зейнеткерлері шақырылды. Оларды атап өтсек: доцент А.К. Федоров, профессор А. К. Кудайкулов, доцент Т. Б. Карабасов, ф.-м.ғ.к. А.Б. Булегенов.

Кеш барысында 105, 107, 207, 211, 213, 307, 308 топтың студенттері мерекелік концерт ұйымдастырды.



